

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№114 (9176) | 1953 ЖЫЛҒЫ 9 ИЮНЬ СЕЙСЕНБІ | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлейік

Бұл күндері облыс мектептерінде клас-тан класқа көшіру емтихандары аяқталып, мемлекеттік және көмекшілік атестат емтихандары ойдағыдай жүріп жатыр. Сөйтіп, мектептер оқу жылының қорытындысын шығаруға жуықтап келеді.

Орта мектепті бітірген оқушылар еліміздегі жоғары дәрежелі оқу орындарына барып түседі. Ал, кейінгі кластардың оқушылары жазғы демалыстан кейін жаңа күш, жігермен жаңа 1953—54 оқу жылына кіріседі.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі жастардың көңілді дем алуына, олардың әржақты білім алуына, Ленин — Сталин ісіне шексіз берілген коммунизмнің жас құрылысшылары болып тәрбиеленіп шығуына барлық мүмкіншіліктерді тудырып отыр. Совет жастары бақытты өмір құшағына бөленулі. «Бізде жастар жақсы, шат көңілді. Біздің мемлекет балаларға жақсы күтім болып, жастарға жақсы тәрбие беру үшін қаражат аямайды, мұның өзі оның басқа мемлекеттердің бәрінен де айырмашылығы болып табылады» деді И. В. Сталин.

СОКП XIX съезі өзінің бесінші бесжылдық жоспар туралы директиваларында халық ағарту органдарының жұмысын жақсартып, қалалық және селолық мектептер құрылысын, өткен бесжылдықтармен салыстырғанда, шамамен, 70 процент ұлғайтуды белгіледі. Аядымыздағы 1953—54 оқу жылының өзінде ғана біздің облысымыз бойынша 9 орта, 13 жетіжылдық мектеп ашығалы отыр. Облыста 535 орта, жетіжылдық, бастауыш мектептер жұмыс істеп, онда 70 мыңға жуық балалар оқытып болады. Тек мектептерді жөндеудің өзіне ғана былығы жылдың өзінде 1,5 миллион сом қаржы бөлініп отыр.

Кәзір облыстың бірқатар мектептері жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстарын қызу жүргізуде. Ал, Ленин ауданында көптеген мектептер кәзірдің өзінде ағымдағы жөндеуден өтіп, жаңа оқу жылында оқушыларды қабылдауға әзір тұр. Осы ауданда жөндеу бойынша белгіленген 10

кеттік маңызы зор мәселеге әлі жете мән бермей келеді. Олар жаңа оқу жылы басталуға көп уақыт бар, оған дейін үлгереміз деген зиянды пікірдің шырмауында отыр. Міне, ондай басшылар жайбарақаттыққа салынып, мектеп жөндеудің қолайлы мерзімін босқа өткізіп келеді. Осындай жайбарақаттыққа салынудың ақырында мектепті атүсті, сапасыз жөндеу салуға мәжбүр болады. Бұл өткен жылдардағы тәжірибелерден көрінді.

Приешім, Петропавл, Преснов, Октябрь және басқа аудандарда мектептерді жөндеу, жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстары әлі қолға қызу алынбай отыр. Аталған аудандардың аудандық Совет атқам-дері мен оқу бөлімдері мектептерді ағымдағы және күрделі жөндеуден өткізу сыяқты мәселені екінші кезекке қалдырып келеді. Олар бұл жұмысқа нақтылы басшылық жасамай жүр. Мектептерді жөндеуге арнаулы адамдар бөлуді МТС, совхоз директорларынан, ауыл-селолық Советтердің председателдерінен талап етпейді.

Облыстық және аудандық тұтынушылар одақтары мектептерді тиісті құрылыс материалдарымен, оқулықтар және көрнекі құралдармен жеткілікті түрде қамтамасыз ете алмай отыр. Приешім аудандық тұтынушылар одағының аудан мектептеріне әкелінуге тиісті 26 мың оқулықтай 510 оқулықты ғана жергілікті мектептерге жеткізіп отырғаны осыны толық дәлелдейді. Мұндай жағдай Преснов, Октябрь, Петропавл аудандарында да кездеседі. Демек, бұл аудандарда мектептерге құрылыс материалдары мен оқулықтарды және көрнекі құралдар мен жазу әбзелдерін жеткізу ісі төзгісіз жағдайда.

Жергілікті партия, совет, кәсіподақ және шаруашылық орындарының басшылары мектептердің жаңа оқу жылына толық әзір болуына күнбе-күн көңіл бөліп, олардың жұмысына көмектесіп отыруға тиіс.

Жаңа оқу жылына әзірлік тек мектепті жөндеп, оқу құралдарын дайындаумен

Жүн дайындау — маңызды іс

Электр агрегаты тиімді пайдаланылуда

Булаев ауданының колхоздары мен совхоздарында қой қырку үлгілі өткізілуде. Қой қыркуда электр қайшылары кеңінен пайдаланылып келеді. Мұның нәтижесінде алдыңғы қатарлы колхоздар қой қыркуды қысқа мерзімде және сапалы өткізілуде. Қырықтықшылар қой қырку жұмысын үлгілі орындау үшін өзара социалистік жарысқа түскен. Олар социалистік жарыста алған міндеттемелерінің іс жүзінде орындап келеді.

Карл Маркс атындағы, Стаханов атындағы ауылшаруашылық артельдері осындай колхоздардың бірінен саналады. Бұлардың әрқайсысында қырықылған жүн сапалы күйінде дайындау орындарына өткізілді.

Чистов совхозында осы маусымда 6 мыңнан астам қой қырылады. Кәзір мұның басым көпшілігі қарқылып болды. Қырылған әрбір қойдан орта есеппен 3 килограмнан жүн алынды. Совхоз 50 цент нерден астам жүнді дайындау пункттеріне өткізді.

Б. ЖАКЕНОВ.

Қой қырку қыза түсуде

Преснов ауданының «Сталин жолы» колхозында қой қыркуға әзірлік күні бұрын жасалды. Қой қыратын орындар мен жүн сақталатын қоймалар жақсы дайындалды. Кәзір колхозда қой қырку жаппай қыза түсті.

Қой қыркуда ондаған колхозшы әйелдер өнімді жұмыс істеп жүр. Олар еңбек өнімділігін күн санап арттыруда. Жамандыкова, Аманжолова жолдастар осындай қой қыркушылардың бірінен саналады. Олар күніне 18—20 қой қыркуға дейін жетісіп жүр. Қой қыркушылардың өнімді еңбегі колхозда қой қырудың аз күн ішінде сапалы аяқталатындығының кепілі.

Сонымен бірге, колхозда күнбе-күнгі қырылған жүн іле-шала дайындау пунктіне жөнелтілуде.

А. САДЫҚОВ.

Бізде жастар жақсы, шат көңілді. Біздің мемлекет балаларға жақсы күтім болып, жастарға жақсы тәрбие беру үшін қаражат аямайды, мұның өзі оның басқа мемлекеттердің бәрінен де айырмашылығы болып табылады.

И. СТАЛИН.

Пар жырту тез аяқталсын

Келесі жылғы егіннің қамын ойламай отыр

Ерте жыртылған пар — келесі жылғы егіннен мол өнім алудың негізі екенін жете түсінген Буденный атындағы колхозда (Соколов ауданы) пар жырту жұмысы қызу қарқынмен жүргізілуде. Мұнда егіс жұмыстары аяқталысымен-ақ барлық күш-мүмкіншілік пар жыртуға жұмылдырылған. Тракторлар екі сменада жұмыс істейді. Осының нәтижесінде колхозда пар жыртудың бескүндік графигі мұлтіксіз орындалып келеді. Мұнда алғашқы бескүндіктің өзінде 255 гектар пар жыртылды.

Алайда, Соколов ауданының көп колхоздарында пар жыртудың барысы өте-өте қанағаттанғысыз болып отыр. Ондай колхоздың басшылары пар жыртуға жете мән бермей, бұл жұмысты кешеуілдетуде, сөйтіп, пар жыртудың қолайлы мерзімін босқа өткізуде.

Пар жыртуға әлі кіріспеген колхоздың бірі — Сталин атындағы колхоз. Бұл колхозда егіс жұмыстары басқа колхоздарға қарағанда ерте аяқталды. Бірақ, колхоз председателі Лешитов пен осы колхозды қамтыйтын Соколов МТС-нің директоры Быков жолдастар егіс аяқталысымен пар жыртуға кірісуді ұйымдастыра алмады. Колхоздағы 6 трактордан 4 трактор жұмысқа жарамсыз болып босқа тұр. Ал, жарамды деген басқа екі трактор пар жыртуға қосылмаған. Колхозда пар жыртуға көлік күші қатыстырылмайды. Осындай жайбарақаттықтың орын алуынан аудан бойынша көлік күшімен жықтылатын 500 гектар пардан бірде-бір гектар пар жыртылған жоқ. Колхоз басшылары пар жыртуды тек тракторлардың күшімен орындаймыз деген пікірге салынып, оған көлік күшін пайдаланбады. Осы сыяқты, тек техника күшіне сеніп, көлікті жұмысқа қосу фактісі «Дозор Ильича» колхозында да бар.

Жағдай Налобин МТС-нің қамтуындағы колхоздарда да осындай. Мұнда пар жыртудың алғашқы бескүндік графигі небары

21 процент ғана орындалды. Колхоздардағы тракторлардың жүруінен тұруы көп. МТС-тің көпшесі мастерскойы трактор бригадаларында оқта-текте ғана болып, бригадаларға нақтылы көмек көрсетпей жүр.

Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің қызметкерлері ауылшаруашылық жұмыстарына нашар басшылық жасайды. Олар колхоздарда оқта-текте ғана болып, жұмыстың жайын жете білмейді. Колхоздарға кезінде басшылық жасамайды. Оған бір мысал келтірейік.

Аудандық ауылшаруашылық бөлімі пар жыртудың графигін колхоздарға тек 1 июньмен бастап ғана жіберді. Бөлімдегілер пар жыртудың мерзімі онша ұзақ емес екендігін жақсы біледі. Бірақ, аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бас агрономы Зайка жолдас әрбір колхоздың пар жыртуға деркесінде кірісуін қамтамасыз етудің орнына, өзі жайбарақаттыққа салынып, бұл жұмыстың графигін кешеуілдетіп жіберіп отыр.

Бұл ауданда бірінші бескүндікте 3 мың гектар орнына, 629 гектар ғана пар жыртылды. Жұмыстың бұл сыяқты артта қалуына төзуге тіпті болмайды. Сондықтан аудан, колхоз, МТС басшылары барлық күш-мүмкіншілікті пар жырту жоспарының әрбір колхозда мерзімінде және толық орындалуына жұмылдыра білулері керек. Ал, аудандық ауылшаруашылық бөлімі, оның меңгерушісі Наркевич, бас агроном Зайка жолдастар іске қолма-қол басшылық жасап, оның табысты жүргізілуіне жетісуге тиіс. Соколов ауданында пар жырту жоспарын мерзімінде және толық орындауға күш-мүмкіншілік жеткілікті. Мәселе оны тиімді пайдалану үшін колхоздарға іскерлікпен басшылық жасай білуде.

Т. КӘДІРОВ,
(Арнаулы тілшіміз).

Халықтық демократия елдерінде

Венгрияда мұғалімдер күні

БУДАПЕШТ, 7 июнь. (СОТА). Бүгін Венгрияда Мұғалімдер күні аталып өтуде. Мұғалімнің еңбегіне ерекше құрмет-қошемет көрсету белгісі ретінде бұл күнді халықтық демократияшыл үкімет тағайындаған болатын.

Бұрынғы Венгрияда мұғалімдердің тұрмысы тым ауыр болатын еді. Олардың жалақысы төмен болатын, мұғалімдердің жазғы демалысына ақша төленбейтін. Жұмыссыз қалған мұғалімдер штаттағы мұғалім қатарына ілігу үшін мектептерде ақысыз-пұлсыз жұмыс істеген жағдайлар аз кездеспейтін еді.

Халықтық демократияшыл Венгрияда мұғалімдер арасындағы жұмыссыздық жойылды, олардың материалдық тұрмыс дәрежесі жақсарып, мұғалімдердің мамандығы құрметті мамандықтардың біріне айналды.

Совет Одағының үлгісі бойынша мемлекет мұғалімдердің мамандығын арттыруға қамқорлық жасап отырады: мұғалімдердің білімін жетілдіретін институт ашылып, әртүрлі курстар жұмыс істейді.

84 таңдаулы мұғалім өздерінің еңбектері үшін ордендар мен және медальдармен наградталып, 20 мұғалім Кошут атындағы сыйлықтың лауреаттары болып отыр, көптеген мұғалімдерге құрметті атақтар берілді.

Кеше Венгер Халық Республикасының Мемлекеттік жыйналысының үйінде 67 мұғалімге салтанатты түрде құрметті атақ беру және құрмет грамоталарын тапсыру болды.

Польша өнеркәсібінің табыстары

ВАРШАВА, 7 июнь. (СОТА). Совет ғылымы мен техникасының табыстарын кеңінен пайдалана отырып, халықтық Польшаның жұмысшылары мен инженерлері, ғылыми қызметкерлері жаңа машиналар мен механизмдердің өндірісін меңгеруде. Машина жасау өнеркәсібі

парта жаңадан істеліп, 200 мың дәптер, 10 мыңнан астам оқулықтар даярланды. Сол сияқты, Мамлют ауданы мектептерінің жартысынан көбі жаңа оқу жылына толық әзірленді. Кониюхов аудандық оқу бөлімі жаңадан 9800 сомға көрнекі құрал және көптеген көркем әдебиет кітаптарын сатып алды.

Жаңа оқу жылына жақсы әзірлікпен қарсы алып, оқу жылын зор табыспен өткізу — ең алдымен мектептердің оған әзірлік жұмыстарын тыңғылықты жүргізуіне байланысты. Мектеп басшылары өткен жылдардағы жездескен кемшіліктерден тиісті қорытынды жасап, оны алдағы оқу жылында қайталамауы керек.

Мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеу — мемлекеттік маңызы зор іс. Бізде мектептерді үлгілі етіп әзірлеуге барлық мүмкіншіліктер бар. Мәселе қолда бар сол мүмкіншіліктерді толық пайдалана білуде. Мектеп басшылары мектепті жөндеуге бөлінген қаржыны үнеммен, дұрыс пайдалануға жете көңіл бөлулері керек. Бұл жұмысқа бөлінген қаржы мен құрылыс материалдарын / талап-таразға салуға үзілді-кесілді тыйым салынуы қажет.

Алайда, кейбір аудандық оқу бөлімдері мен мектеп басшылары жаңа оқу жылына мектептердің әзірлігі сияқты, мемле-

кетпенді болыстық, қамалық, аудандық оқу бөлімдері өз мамандығын жақсы білетін марксизм-ленинизм негіздерімен қаруланған, білімді, тәжірибелі педагог кадрларды іріктеп алуға, орналастыруға, оларға қолайлы жағдайлар туғызуға міндетті. Атап айту керек, кейбір реттерде көптеген жоғары дәрежелі оқу орындарын бітіріп келген жас мұғалімдердің ойдағыдай жұмыс істеуіне, оларды шетер үйлермен қамтамасыз етуге жергілікті Совет атқомдері мен оқу бөлімдері тиісті жағдай жасамайды. Мұның өзі жас педагог кадрлардың жемісті жұмыс істеуіне керісінше әсерін тигізбей қоймайды.

Үстіміздегі оқу жылының аяқталуын күтпей-ақ мектептерде отын дайындау жұмысына көзірден бастап кірісу қажет. Оқу бөлімдері электр жарығы жоқ жерлердегі мектептерді лампамен, керосинмен қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды осы бастан белгілеуге міндетті.

Партия, совет кәсіподақ және шаруашылық орындарының басшылары барлық мүмкіншіліктерді толық пайдаланып, мектептердің ағымдағы және күрделі жөндеулерден кезінде, сапалы етуін қамтамасыз етуге, олардың жаңа 1953—54 оқу жылына үлгілі әзірленуіне еңбекшілерді жұмылдыра білулері керек.

Егін орағы қарсаңында

Курганная Станицасы, (Краснодар өлкесі), 7 июнь. (СОТА).

Бүгін мұнда егін орағының алдында ауылшаруашылық озаттарының аудандық слеті болды.

Курганин егіншілері жазғы бидайдың әрбір гектарынан 170 пұттан өнім алу үшін күресуде. Егіннің шығымы жақсы.

Курганиншылар егін орағына белсене әзірленуде. Егін даласында 178 комбайн жұмыс істейтін болады. Барлық дөңді дақылдар комбайндармен жый-

налады. Көзір машиналар егіс басына апарылып жатыр.

Егін жаңа ғана бас тарта бастады, ал, дала көңілді, кісі көп. Әрбір бригадада механикаланған қырман жасалуда, дала жолдары салынып, комбайндардың жүру маршруттары белгіленуде.

Егін орағы барлық жерлерде тек қана машиналармен жүргізіледі.

Кеңеске қатысушылар ауданның барлық егіншілерін 12—15 жұмыс күні ішінде дөңді дақылдарды ору ісін аяқтап, 20 июльге дейін мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындауға шақырды.

Қырғыз тілінің жаңа орфографиясы

ФРУНЗЕ, 6 июнь. (СОТА). Бүгін Қырғыз ССР Жоғарғы Советінің Президиумы бекіткен жаңа орфографиясы жарияланды.

Қырғыз әдеби тілі тек Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін ғана қалыптасты. Оған дейін жергілікті халықтың жазба әдебиеті мүлде жоқ еді. Мұнда бірде-бір ұлттық мектеп болған жоқ. Сауаттылардың саны 2 процентке жетер-жетпес еді. Коммунистік партия-

ның басшылығымен Қырғызстанда ұлттық интеллигенция кадрлары өсіп жетілді.

Зор өзгерістердің арқасында халық тілі бұрынғыдан да байып түсті. Ондаған мың жаңа сөздермен толықты. Енді жаңа орфография жасау қажеттігінің толғағы пісті. Жаңа орфографияны ССРО-ның Ғылым академиясының Қырғыз филиалының тіл, әдебиет және тарих институты жасады.

Астық — мемлекетке

ХИЛЛЫ, (Азербайжан ССР), 7 июнь. (СОТА). Бүгін Хиллин ауданының колхоздары жаңа егіннің алғашқы астығын дайындау пунктіне әкеліп тапсырды. Күздік бидайды ору қарқыны ауданның колхоздарында күн санап қыза түсуде. Хиллин және Холкарабуджак МТС-тері-

нің барлық комбайншылары тапсырыстарды ойдағыдай орындауда. Орташа есеппен егіннің әрбір гектарынан 18 центнерден астық соғылуда. Комбайншылардың ішінде «Сталинец—6» машинасының жас жүргізушісі Надир Бабаев жарыста алда келеді.

Әрбір қойдан 2,5 килограмм жүн

Октябрь ауданының көптеген колхоздарында қой қырку жұмысы май айының 25-нен басталды. Колхоздар бұл жұмысқа айтарлықтай дайындықпен кірісті. «Щит», «Заря коммунизма», «Интернационал», Степан Разин атындағы колхоздардың колхозшылары қой қыруды аяқтап келеді.

Бұл колхоздарда қой қыркуға 20—25 колхозшыдан бөлінген. Озат қой қыркушылар Зубкова, Атаманова жолдастар күніне 25 қойдан қырып, әр қойдан екі-екіжарым килограммға дейін жүн алып келеді.

Колхоздар дайындау орнына күніне 15—20 центнерден жүн тапсырып отырады.

1200 гектар пар жырты

«Гигант» колхозында (Булаев ауданы) пар жырты қызу қарқынмен жүргізілуде. Пар жыртыда Пястун жолдас басқарған № 2 трактор бригадасының мүшелері айтарлықтай табысқа жетіп жүр. Бұл бригада егіс жұмыстарын аяқтасымен іле-шала пар жыртыға кіріскен болатын. Механизаторлар бірінші күннен бастап-ақ пар жыртыға тракторлардың қуатын толық пайдалануға жетісті. Тракторшылар смена бойына үздіксіз еңбек етіп, тағайындалған норманы ұдайы артығымен орындайды.

Тракторшы А. Яков жолдас пар жыртыда жоғары көрсеткіштерге ие болуда. Ол «С—80» тракторымен смена сайын 16—17 гектардан жер жыртыды. Трактормен өнімді жұмыс істеп жүрген механизатор-

лардың бірі Николай Шарый жолдас. Ол тракторды күн сайын толық қуатымен жұмысқа қосады да, сменалық тапсырманы мінсіз орындайды.

Механизаторлардың табысты еңбек етуі колхозда пар жырты жоспарының ойдағыдай орындалуына мүмкіншілік туғызуда. «Гигант» колхозы быыл 1350 гектар пар жыртыға тиіс болса, көзір одан 1200 гектар пар жырты.

Колхозда парды күтіп-баптау жұмыстары да ойдағыдай ұйымдастырылған. Жыртылған парға іле-шала тырмалау және басқа да баптау жұмыстары жүргізіледі. Бұл істе колхозшылар мен механизаторлар стахановтық еңбектің үлгілерін көрсетуде.

Б. ЖАҚЫПОВ.

көзір салынып жатқан Варшава метросына керекті тубингтерді өңдеу үшін бұрын Польшада шығарылмаған автомат агрегаттарын өндіруді меңгерді.

Тубингтерді өңдеудің технологиялық процесі совет мамандарының Польшаның станок құрылысы жөніндегі орталық конструкторлар бюросына берген нұсқауы негізінде жасалған. Көптеп шығарылу ісі үстіміздегі жылдың аяғында басталатын жаңа агрегат 9 түрлі операцияны жасайтын болады.

Сол сияқты, электр моторларының корпустарын өңдеу үшін керекті арнаулы станоктарды да өндіру ісі меңгерілді. Бұл станок бұрын көптеген станоктарда жұмысталған 12 түрлі өндіріс операциясын орындайтын болады.

Броцлав құрылысшылары құрылыстың еңбекті көп тілейтін процестерін механикаландыруды ойдағыдай шешуде.



Мал азығы мол дайындалуда


ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Облыстың алпыс колхозы шөп шабу жұмысын бастады. Осанаров ауданында бірінші күннің өзінде 400 гектар жердің шөбі шабылды. Қарқаралы, Тельман, Ұлытау, Нұра аудандары да шөп шабуға кірісті.

Облыста шөп шабу жұмысын 250 трактормен және 225 атпен істейтін арнаулы бригадалар жүргізеді. Облыстың колхоздарында быыл механикаландырылған әдіспен миллион гектардан аса шабындықтың шөбі шабылуға тиіс, мұның өзі өткен жылғыдан 210 мың гектар артық. Механизаторлар шөп шабуды қысқа мерзімде өткізу үшін жарысуда. Шөп жыйнау және маялау жұмыстары механикаландырылады. Литвинов және Чернигов МТС-терінде жасалған шөп күделеуші 200 колхозшының жұмысын атқаратын болды. Шөпті престеу жұмысы кеңінен механикаландырылады.

ҚОЙ ҚЫРҚУ ҚЫСҚА МЕРЗІМДЕ АЯҚТАЛДЫ

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). Облыстың алты мал совхозы қой қыруды аяқтады. Выйыл қой қырку анағұрлым қысқа мерзімде өткізілді.

Көзір облыстың совхоздарында қырылған қой өткен жылғы осы кездегіден 18 мың бас артық болып отыр. Қойды күту ісінің жақсаруы жүнді неғұрлым мол алуға мүмкіндік берді. Аманбектер совхозында әрбір қойдан қырқылған жүн орта есеппен алғанда өткен жылғыдан 600 грамм, Ленин атындағы совхозда — 400 грамм, Ақсу совхозында — 300 грамм артты. Сарыбұлақ совхозындағы Иманбеков жолдастың шопандар бригадасы 1.100 сек қойдан алты тоннадан аса жоғары сапалы жүн қырып, мемлекетке тапсырды.



Алматының темекі шаруашылығы совхозының жұмысшылар мен қызметшілері үшін клуб салынды. Онда 400 адамға арналған зрительдік зал, фойе, оқу залы мен кітапхана, үйірме жұмыстарына арналған бөлмелер бар.

СУРЕТТЕ: клубтың алдыңғы жағының көрінісі. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Элеваторлар жанындағы лабораториялар

Қазақстанда жаңа астықты қабылдауға әзірлік кеңінен өрістеді. «Заготзерноның» Алматы базасында астық тапсырушылардан қабылданатын астықтың сапасын айыратын жаңа лаборатория салына бастады. Республиканың басқа да элеваторлары мен «Заготзерно» пунктерінің жанында жаңадан бес лаборатория құрылуда. Лабораториялар ең жаңа жабдықтармен — аналитикалық таразылармен, муфталы пештермен, бидай уызы-

ның және ұн қышқылының үлес салмағын анықтайтын аспаптармен толықтырылуда.

Республиканың барлық облыстарында лаборанттардың семинарлары өткізіліп жатыр. Выйыл Қазақстанда астықтың сапасын айыратын 241 лаборатория жұмыс істейді. Астық қабылдауды тездету үшін лабораториялардың күндіз-түні бірдей жұмыс істеуі ұйымдастырылады. (ҚазТАГ).

Екі облыстың жарысы

ОРАЛ. (ҚазТАГ). Батыс Қазақстанның ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кеңесі 2 июльде аяқталды. Кеңестің жұмысына Батыс Қазақстанмен жарысқа түскен Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің делегациясы қатысты. Егіншілік пен мал шаруашылығының озаттары, колхоздардың председателдері, МТС-тердің, совхоздардың директорлары 1953 жылға алынған социалистік міндеттемелерді орындау шаралары туралы Батыс Қазақстан облыстық Советінің атқару комитетінің председатели Волошко жолдастың баяндамасын тындап, талқылады.

Партияның XIX съезінің тарихи қарарларын жүзеге асыра отырып, облыстың озат колхоздары, МТС-тері мен совхоздары ауыл шаруашылығының жаңа табыстарына жетті. Малшылар мал қыстатуды ойдағыдай аяқтады. Қой қырку, мемлекетке малшаруашылық өнімдерін тапсыру жұмыстары өткен жылдардағыдан анағұрлым ұйымдасқан түрде өткізілуде.

Көзір колхоздар мен совхоздардың шабындығында шөп шабу жұмысы қыза түсті. Механизаторлар, колхозшылар, совхоздардың қызметкерлері егін жыйнау басталғанға дейін бір жарым жылға жететін жемшөп қорын жасау үшін барлық күш-жігерін жұмсауда.


Жарыссөзге шығып сөйлеушілер озат агротехниканы енгізу, машиналардың қуатын өнімді пайдалану жөніндегі тәжірибелерін айтты. Көрші облыстың делегациясын бастап келген Ақтөбе облыстық партия комитетінің ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі Могилев жолдас Ақтөбенің егіншілері мен малшыларының табыстары туралы айтып берді.

Кеңеске қатысушылар ақтөбеліктермен 1953 жылға социалистік жарыс шартын жасасты.

Қыздар жоғары дәрежелі білім алыңыздар!

Быйыл облысымыздың көптеген қазақ қыздары X класты бітіріп, жоғары дәрежелі оқу орындарына барып түседі. Оларға білім есігі ашық. Үкметіміз бен партиямыз қазақ қыздарының оқып, білім алуына күнбе-күн қамқорлық жасап отыр.

Төменде быйыл X класты бітіріп, қалаған мамандықтары бойынша жоғары дәрежелі оқу орындарына барып түсетін бір топ қазақ қыздарына сөз беріп отырмыз.



СУРЕТТЕ: Петропавлдағы орта мектепті быйыл бітіретін қазақ қыздарының біртобы: (солдан оңға қарай) бірінші қатардағылар: Күлтөй Әбдірова, Әмина Түскеева, Заря Сыздықова және Шекер Ыбыраева. Екінші қатардағылар: Тұрсын Көшенова, Балжан Исаева және Сара Нұғыманова. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Опан үшін

Совет жастарының оқып, білім алуына барлық жағдайлар жасап, оған аталық қамқорлық көрсетіп отырған Коммунистік партия мен Совет Үкметін, сүйікті Отанымызды, мектебіміз бен оқытушыларымызды біз ерқашан мақтанып отырамыз.

Мен кәзір бес пәнінен емтихан тапсырдым. Орыс әдебиетінен, геометриядан, алгебрадан бестік баға алдым. Қалған пәндерден де емтиханды ойғағдай тапсыратынымна сенімім зор.

Оңалдықты бітіргеннен кейін, Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің физика-математика факультетіне түсіп, жоғары дәрежелі білім алғым келеді. Белгілі бір мамандық алып, коммунистік құрылысқа белсене араласу — міне, менің нысанам осы.

Совет жастарының мақтанышы — бейбітшілік пен социализмнің берік қамалы болып отырған Совет Одағы. Осы сүйікті Отанымыздың лайықты қызы, сондықтан

Бақытты өмір құшағында

Бұл күндері ұлан-байтақ Отанымыздың басқа мектептеріндегі X-класс оқушылары сыяқты мен де көмелеттік аттестат емтиханым тапсырып жүрмін. Өткен емтихандарды «4» және «5» деген бағаларға тапсырдым. Бірнеше күннен кейін орта мектепті бітіріп, көмелеттік аттестат алғалы отырмын. Бұл мен үшін үлкен бақыт, өмірімдегі ең тамаша есте қаларлық кезең болып табылады. Өйткені, мен орта дәрежелі білім алып, жоғарғы оқу орнына түсемін.

Біздің елде жастар қуанып құшағына бөленген. Оларға білім есігі ашық. Қай жерге барып оқыймын десе де оның еркі бар. Орта мектепті бітірген соң Қазақтың Киров атындағы мемлекеттік университетіне оқуға түсу менің көптенгі мақсатым. Мен математика пәнін сондай жақсы көремін. Кәзіргі алдыңғы қатарлы советтік

техникада оның қолданылмайтын жері жоқ. Университеттің өзін таңдап алған факультетін бітіріп, коммунизмнің білімді жас құрылысына болғым келеді. Сөз жоқ, бұл ойым орындалады.

Менімен бірге оқыттын кластас достарым да қандай жоғары дәрежелі оқу орнына баратынын осы күннен бастап белгілеп қойды. Мәселен, Әліеш Смағұлова, қаладағы Ушинский атындағы мұғалімдер институтына, Сара Нұғыманова мен Ләйла Хамитова Алматыдағы Әйелдер институтына түсіп педагог мамандығын алмақ.

Біз жастарға күнбе-күн қамқорлық жасап, оларды бақыт құшағына бөлеген Коммунистік партия мен Совет Үкметіне шексіз алғыс айтамыз.

Тұрсын КӨШЕНОВА,

Қаладағы № 5 орта мектептің X-класс оқушысы.

ССРО Министрлер Советінде

ССРО Министрлер Советі ССРО-ның Австриядағы Жоғарғы Комиссарының атқаратын қызметі мен Австриядағы Совет әскерлерінің Бас командашысының атқаратын қызметін бұдан былай бір адам жүргізетіндей етіп біріктіруді қолайлы емес деп тапты. Осыған байланысты Бас командашы Жоғарғы Комиссардың атқаратын қызметінен босатылды және оның жұмысы Австриядағы Совет әскерлеріне командалық етумен тежелді.

ССРО-ның Австриядағы Жоғарғы Комиссары болып И. И. Ильичев тағайындалды.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАВАРЫ ПХЕНЬЯН, 6 июнь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 6 июньде мынаны хабарлады:

Өткен күні майданда ешқандай өзгеріс болған жоқ.

Халық армиясының зенит бөлімдері дұшпанның үш самолетін атып түсірді.

ПХЕНЬЯН, 7 июнь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясы Бас командованиесінің бүгін берген хабарында былай делінген:

Өткен күні майдандарда елеулі өзгерістер болған жоқ.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері дұшпанның екі самолетін атып түсіріп, екі самолетін зияндады.

КОРЕЯДА УАҚЫТША БІТІМ ТУРАЛЫ КЕЛІССӨЗДЕР

ПЕКИН, 6 июнь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан былай деп хабарлады:

Кореяда уақытша бітім туралы келіссөздердегі корей-қытай делегациясы бүгін төмендегі мазмұндаманы жариялады:

6 июньде екі жақ делегацияларының жабық мәжіліс болды. Келесі мәжіліс 7 июньде таңертеңгі сағат 11-ге тағайындалды.

РУР ОБЛЫСЫ ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ 70 МЫҢ АДАМ ҚАТЫСҚАН МИТИНГІСІ

БЕРЛИН, 7 июнь. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, кеше Дортмундте 70 мың адам қатысқан сайлау алдындағы митингі болып, онда Германия Коммунистік партиясының председателі Макс Рейман сөз сөйлеп, бундестагтің келешекте болатын сайлауындағы Германия Коммунистік партиясының сайлау программасын баяндаған.

Германия Коммунистік партиясының Солтүстік Рейн-Вестфалиядағы басқармасының бірінші секретары Иозеф Ледвонның Макс Рейман бундестаг сайлауында өзінің кандидатурасын Дортмундта ұсынып отыр деген хабарлауын митингке қатысушылар ұзақ уақыт, ду

Қайда оқығыңыз келеді

ҚАЗАҚ ССР АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ЛЕНИН АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ТЕХНИКУМЫ

1953—54 оқу жылына агрономиялық және зоотехникалық бөлімдеріне оқушылар алады.

Техникум орта дәрежелі мамандығы бар агрономдар мен зоотехниктер даярлайды. Оқу мерзімі 4 жыл.

Техникумға жеті класс көлемінде білімі бар 14 жастан 30 жасқа дейінгі ССРО-ның ер және әйел азаматтары алынады. Техникумға түсушілер мына пәндер бойынша қабылдау емтиханынан өтеді:

ССРО Конституциясы (ауызша),

Орыс тілі (ауызша және жазбаша),

Математика (ауызша және жазбаша),

1952—53 оқу жылында VII-класты үздік бітірген оқушылар техникумға емтихансыз алынады. VIII-IX-класты бітіргендер 1 курсқа жалпы ереже бойынша алынады.

Арыздар техникум директорының атына жазылып, оған мына документтер қоса тапсырылуы керек: білімі жөніндегі куәлігі (түп нұсқасы), туған жылы туралы куәлігі (түп нұсқасы), паспорттың өзі ала келеді, өмірбаяны, бас киімсіз түскен 3 фотосуреті (3x4 см мөлшерінде), әскери міндеттілер үшін әскери билет, не тіркеу куәлігі (өзі ала келеді). Арыздар 1 июньнен 31 июльге дейін қабылданады. Қабылдау емтихандары августтың 1-нен 20-на дейін өткізіледі. Барлық үлгерушілер стипендиямен қамтамасыз етіледі. Отличниктерге 25 процент қосымша төленеді. Техникумға түсушілер асхана, жатақхана және төсек орындармен қамтамасыз етіледі.

Арыздар мен документтерді мына адреске жіберу керек: Солтүстік Қазақстан облысы, Явленка байланыс бөлімі, ауылшаруашылық техникумы.

Петропавл қаласы, Ульянов көшесі, 96-үйде техникумға түсушілерді пәтер үймен қамтамасыз ететін және техникумға жеткізетін техникумның экспедициясы бар.

ҚАЗАҚ ССР АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ПЕТРОПАВЛДАҒЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ТЕХНИКУМЫ

1953—54 оқу жылына агрономиялық, жерге орналастыру бөлімдерінің 1 курсына оқушылар алады.

Техникум орта дәрежелі мамандығы бар агрономдар және жерге орналастырушы техниктер даярлайды. Оқу мерзімі 4 жыл. Техникумға 14 жастан 30 жасқа дейінгі ССРО-ның ер және әйел азаматтары алынады.

1 курсқа жетіжылдық мектепті бітірген және орта мектептің VIII—IX-класстарын бітірген оқушылар түсе алады. Техникумға түсушілер ССРО Конституциясынан, математика, орыс тілі және әдебиеттің оқу пәндері бойынша қабылдау емтихандарынан өтеді. Отличниктер емтихансыз алынады. Барлық үлгерушілер стипендиямен қамтамасыз етіледі.

Арыздар директорының атына жазылып, онда қай бөлімге түсетіні көрсетілуі керек. Арызға қоса мына документтерін: өмірбаянын, білімі туралы куәлігін, туған жылы туралы куәлігін, денсаулығы жөніндегі анықтамасын, екі фотосуретін қоса тапсыруы қажет. Паспорттың өзі ала келеді. Арыздар 1 августқа дейін қабылданады, қабылдау емтихандары августтың 2-нен 15-не дейін өткізіледі. Оқу 1953 жылғы 1 сентябрьде басталады.

Документтердің түп нұсқасын мына адреске жіберу керек: Петропавл қаласы, Базар алаңы, 30-үй, ауылшаруашылық техникумы.

ОМСКІНІҢ С. М. КИРОВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

Агрономиялық (агрономиялық және жеміс-өмеші шаруашылығы бөлімдеріне), зоотехникалық (мал шаруашылығы және құс шаруашылығы бөлімдеріне), ауыл шаруашылық экономикасы, жерге орналастыру, геодезия және жерге орналастыру бөлімдеріне), гидромелиоративтік, сүт өндірісі және ауыл шаруашылығын механикаландыру факультеттеріне студенттер алады.

Институтта сырттан оқыттын бөлім бар. Институтқа түсу тәртібі барлық жоғарғы оқу орындарының жалпы ережелеріне сәйкес.

Агрономиялық және зоотехникалық факультеттеріне түсушілер физика, химия, орыс тілі мен әдебиет пәндерінен; жерге орналастыру, гидромелиоративтік және механикалық факультеттеріне түсушілер бұған қоса математикадан және сүт өндірісі факультеттеріне түсушілер жоғарыда көрсетілген пәндерден басқа шет тілден қабылдау емтиханын тапсырады. Ауылшаруашылық экономикасы факультетіне түсушілер математика, география, ССРО халықтарының тарихы, орыс тілі мен әдебиет пәндері бойынша қабылдау емтиханынан өтеді.

Қабылдау емтиханынан өткен студенттердің барлығына стипендия

үшін белсене жұмыс істейтін лайықты азаматы болғым келеді. Өмірімнің мақсаты да, қуанышы да, бақыты да Отанымның қуатының артып, гүлдене беруінде деп есептеймін.

Сәруар ЖАНТАСОВА,

Петропавлдың В. И. Ленин атындағы № 1 қыз балалар орта мектебінің X-класс оқушысы.

Адал қызмет етемін

Совет елінде жастардың білім алуына толық жағдай жасалған. Оларды партия мен үкметіміз өз қамқорлығына алып отыр.

Көп ұлтты совет жастарымен бірге қазақ қыздарына да ғылымды меңгеріп еліміздің адал қызметкері болуына толық мүмкіншілік бар. Жыл сайын Отанымыздың көптеген қалаларында жастарға арналып жоғарғы оқу орындары ашылууда. Сол сияқты, республикамызда да жоғарғы оқу орындары көбейіп келеді.

Мен № 5 қазақ орта мектебінің X классында көмекшілік аттестатқа емтихан тапсырып жүрмін. X класты «4», «5» деген бағалармен бітіріп, астанамыз Алматыдағы педагогикалық институттың биология факультетіне оқуға түспекпін.

Педагог болудағы негізгі мақсатым — еліміздің барлық педагогтері сияқты жастарды коммунистік рухта тәрбиелеп, Отаныма адал қызмет ету.

Күлтәй ӘБДІРОВА,

Қаладағы № 5 орта мектептің X класс оқушысы.

Орындалған арман

Емтихан басталар алдында мектепті быбыл бітіретіндер емтиханға түскен пәндерден «4» пен «5» деген баға алу жолына күш жұмсау жөнінде тұжырымды қорытындыға келдім.

Мектептің басқа да оқушылары сияқты мен билеттермен танысқаннан кейін емтиханға мұқият дайындала бастадым. Бас уақытта өтілген материалдарды қайталап, түсінбейтін кейбір сұрақтарымды оқытушының көмегімен анықтап алып жүрдім. Көзір мен бес пәннен емтихан тапсырдым.

Бір кезде мен онжылдықты бітіруді арман етіп едім. Ал, көзір оның ойдағыдай орындалатындығына көз жетті. Бүгінгі арман да, мақсат та онжылдықты өте жақсы және жақсы деген бағалармен бітіріп, Мәскеудің Ломоносов атындағы мемлекеттік университетінің физика факультетіне түсіп оқу.

Әмина ЖОЛБОЛСЫНОВА,

Петропавлдың Ленин атындағы № 1 қыз балалар мектебінің X-класс оқушысы.

Болашақ туралы ой

«Кім болам» деген сұрақ бұл күндері көмекшілік аттестат алатын оқушылардың қайсысын болсын қатты ойландырады. Бізде қандай мамандық болсын бәрі жақсы. Дәрігер де, артист те, педагог те және басқа мамандықты меңгергендердің бәрі туған Отанның көркеюі жолында совет халқына қызмет етеді.

Менің көп мамандықтан таңдағаным мұғалім болу еді. Сондықтан да енді Қазақтың мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсіп, әдебиет пәнінің мұғалімі болып шыққым келеді. Мектепте барлық пәннен әдебиет пәнін ерекше жақсы көрдім. Міне, сондықтан да мен әдебиеттен терең білім беретін жоғары дәрежелі оқу орнына түскім келді.

Әдебиет пәнінің мұғалімісі Н. Овчарова менің осы пәнді сүйіме себепші бол-

ды. Оның орыс әдебиетінің алтын ғасыры атанған XIX-ғасыр әдебиетінің тамаша өкілдері Пушкин, Лермонтов, Толстой, Белинский және басқа ұлы орыс ақындары мен жазушылары туралы өткізген сабақтары маған көп әсер етті. Алдағы мақсатым — университеттің филология факультетін бітіріп, сүйікті мұғалімім Надежда Артемьевна Овчарова сияқты, орыс әдебиетінің мұғалімі болып, келешегіне сенетін, қыйыншылықтан қорықпайтын коммунизмнің жас құрылысшыларын тәрбиелеу жолында еңбек еткім келеді. Бұл ойымның орындалатынына сенімім зор.

Шеңер ЫБЫРАЕВА,

Петропавлдың № 4 қыз балалар орта мектебінің X-класс оқушысы.

Зор қамқорлықтың айғағы

Енді бірнеше күннен кейін кішкене күнімізден бері тәрбиеленген, білім берген алтын ұямыз — мектебімізбен қоштасқалы отырмыз. Мектеп қабырғасына бір кезде қағаз, қарындашты қалай ұстауды білмей келсек, енді, міне, орта дәрежелі білім алып шыққалы отырмыз.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі біздің оқуымыз үшін барлық мүмкіншіліктерді туғызды. Мен бірнеше жылдан бері мектептің интернатында тәрбиеленіп келемін. Мен сияқты өрбір оқушының интернатта тәрбиеленіп, оқыту үшін мемлекет жыл сайын 8 мың сом қаржы жұмсады. Үкмет пен партияның бұл қамқорлығына X-шы класты жақсы, өте жақсы деген бағалармен бітіру арқылы жауап беремін.

Мен әдебиет пәнін өте жақсы көремін.

Орыс классиктері мен совет жазушыларының шығармалары мені сондай қызықтырады. Көркем шығармаларды көп оқуым әдебиет пәнін сүйеге себеп болды. X класты бітіргеннен кейін Қазақтың мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсіп, әдебиетші болып шыққым келеді.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі қазақ қыздарының оқуына ерекше көңіл бөліп отыр. Оған Алматыда, Ақтөбеде ашылған әйелдер институты толық дәлел бола алады. Біздің елде жоғарғы оқу орындарында қазақ қыздарының оқуы үшін барлық жағдай жасалған.

Заря СЫЗДЫҚОВА,

Қаладағы № 5 орта мектептің X-класс оқушысы.

Дәрігер боламын

Бастауыш мектепте оқып жүргеннің өзінде-ақ, үстеріне ақ халат киіп, адам өмірінің арашанысы болып жүрген осы бір мамандықтың адамдарына сондай қызығушы едім. X класты бітіріп, медициналық институтқа бару маған алыстағы арман сияқты болып көрінетін. Міне, менің бұл тілегім енді орындалғалы отыр.

Мен X кластағы көмекшілік аттестат емтиханын «4» және «5» деген бағалармен тапсырып жүрмін. Алдағы емтихандарды да осындай жақсы нәтижелермен аяқтаймын. Біздің алдымызда әлі де көп жауапкершілікті, тыңғылықты даярлықты керек ететін емтихандар бар. Солардан мүдірмей өту үшін уақытты дұрыс пайдаланып, физика, математика, тарих

және басқа пәндер бойынша емтихандарға мұқият әзірленудемін.

X класты бітіргеннен кейін Омскінің медициналық институтына түсіп, дәрігерлік мамандығын алғым келеді. Бұл үшін біздің елде барлық мүмкіншіліктер бар.

Үкмет пен партияның туысқандық қамқорлығына жауап ретінде орта мектепті ойдағыдай табысты етіп бітіріп, өмірге жолдама — көмекшілік аттестат алып, жоғарғы оқу орынында да жақсы, өте жақсы деген бағалармен оқыймын. Сөйтпін, сүйікті Отанның көркеюі жолында қажырлы еңбек ететін совет дәрігері болып шығамын.

Балжан ИСАЕВА,

Қаладағы № 5 орта мектептің X-класс оқушысы.

қолына алақтаумен қарсы алған. Бірауыздан қабылданған қарарда митингке қатысушылар коммунист-депутаттардың қол сұғуға болмайтын парламенттік еріктілігін жоюға әрекеттеніп отырған Бонн тобырының әрекетіне қарсы наразылық жариялаған.

БАТЫС ГЕРМАНИЯДАҒЫ КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ ОҢШЫЛ БАСШЫЛЫҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ МҮДДЕСІН САТУДА

БЕРЛИН, 6 июнь. (СОТА). АДН агенттігінің Бременнен берген хабарына қарағанда, Бремендегі металшылар кәсіподағының оңшыл басшылығы Бремен верфтеріндегі ереуілдерді тоқтату үшін верфтердің иелерімен сатылмыштық келісім жасаған.

Бремен верфтеріндегі жұмысшылары өздерінің праволары үшін табанды күрес жүргізді. Ереуіл біржарым айға жуық созылған болатын. Өздерінің тұрмыс жағдайларын жақсартуға бағытталған талаптарын толық қанағаттандыру үшін ереуілге қатысушылардың батыл түрде күресуіне қарамастан, оңшыл кәсіподақтардың басшылары ереуіл жасаушылар талаптарының бір бөлігінің қанағаттандырылуымен тынышталуды ұйғарған.

АДН агенттігінің хабарында, жалғаны болмашы арттыруды ғана көздейтін өздері қол қойған жаңа тарифтік келісімді 1954 жылдың 30 сентябріне дейін бұзбасқа оңшыл кәсіподақтардың басшылары міндеттеме бергендігі атап көрсетіледі.

КОЧЖЕДО АРАЛЫНДА СОҒЫС ТҮТҚЫНЫН ӨЛТІРУ

ПЕКИН, 6 июнь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан, 4 июньде Кочжедо аралындағы соғыс тұтқындарының лагерінде американдық күзетшісі корей-қытай жағынан бір соғыс тұтқынын атып өлтіргендігін хабарлайды.

Сол күні корей-қытай жағынан екі соғыс тұтқыны соққыға жығылып, елеулі жаралы болған.

ХРОНИКА

ССРО Министрлер Советі армия генералы В. И. Чуйковты оның ССРО Қорғаныс министрлігіне жауапты қызметке ауысуына байланысты Германиядағы советтік оккупациялық әскерлердің Бас команданысы міндетінен босатты.

ССРО Министрлер Советі генерал-полковник А. А. Гречконы Германиядағы советтік оккупациялық әскерлердің Бас команданысы етіп тағайындады.

000

ТҮЗЕТУ

Газетіміздің өткен санындағы екінші беттегі «В. Г. Белинский» деген мақаланың екінші бағанасының жоғарыдан санағанда онекінші жолын «Орыстың ұлы сыншысы 1825 жылғы» деп зиян әрі текст бойынша оқуды газет оқушылардан сұраймыз.

Редактордың орынбасары
Г. НҰРМОЛДИН.

беріледі. Мұқтаж студенттер жатақханамен қамтамасыз етіледі. Арыздар мен тиісті документтерді мына адреске жіберу керек: Омск қаласы, 8, ауылшаруашылық институты.

АЛМАТЫНЫҢ ӨНДІРІС КООПЕРАЦИЯСЫ ТЕХНИКУМЫ 1-КУРСҚА ОҚУШЫЛАР АЛАДЫ

Техникум металлды балқытпай өңдейтін және тері өңдейтін техник-технологтар даярлайды. Оқу мерзімі 4 жыл. Өндіріс мекемелеріне бухгалтерлер даярлайтын бөлімінің оқу мерзімі 3 жыл.

Техникумға 14 жастан 30 жасқа дейін жетікылдық білімі бар ер және әйел азаматтар алынады. Жетікылдық мектепті үздік бітіргендер (бітіргеннен кейін екі жылға дейін) қабылдау емтиханысыз алынады. Басқа түсушілер жетікылдық мектеп программасы көлемінде қабылдау емтиханынан өтеді. Қабылдау емтиханы августтың 1-нен 20-на дейін, Конституция (ауызша), орыс тілі мен әдебиеттік оқу (ауызша және жазбаша-диктант), математика (ауызша және жазбаша) пәндері бойынша өткізіледі.

Арыздар 1953 жылғы 1 июньнен 30 июльге дейін қабылданады. Арыздарға мына документтерді қоса тапсыру керек:

Білімі туралы куәлігі (түп нұсқасы), туған жылы туралы куәлігі (түп нұсқасы), паспорты барлар өздері ала келеді, өз қолымен жазған өмірбаяны, бас киімсіз түскен 3x4 см мөлшерінде 3 фотосуреті, денсаулығы жөнінде анықтама, туған жерінен анықтама. Әскери міндеттілер үшін әскери билет, немесе тіркеу куәлігі (өздері ала келеді).

Стипендия жалпы ережеге сәйкес төленеді. Басқа жерлерден келген оқушылар жатақхана және төсек орынмен қамтамасыз етіледі. Техникумның адресі: Алматы қаласы, Кордон көшесі, 148-үй.

ОМСКІНІҢ М. И. КАЛИНИН АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

Емдеу, санитарлық-гигиеналық және педиатрия факультеттерінің 1 курсына студенттер қабылдайды.

Институт еліміздегі көрнекті медициналық жоғары дәрежелі оқу орындарының бірінен саналады. Институтта 45 кафедра, кітап қоры, мол кітапхана, асхана және жатақхана бар. Стипендия үлгеруіне қарай 220 сомнан 360 сомға дейін төленеді. Сталиндік стипендия алушылар 780 сом мөлшерінде алады. Институтқа түсу тәртібі барлық жоғары дәрежелі оқу орындарының жалпы ережесіне сәйкес.

Арыздар 20 июньнен 31 июльге дейін қабылданады. Қабылдау емтихандары августтың 1-нен 20-на дейін физика, химия, орыс тілі және әдебиет пәндері бойынша өткізіледі. Консультациялар 15 июльден басталады.

Институттың адресі: Омск қаласы, Ленин көшесі, 9-үй.

ҚАЗАҚ ССР МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ № 2 ТЕМІРЖОЛ УЧИЛИЩЕСІ

Жеті класс көлемінде білімі бар, 16—17 жастағы жасөспірімдерді оқуға қабылдайды. Училище паровоз машинисінің көмекшісі, вагон және паровоз жөндеуші слесарьлер, вагон мастері мамандығын береді. Оқу мерзімі 2 жыл.

Оқуға түсу үшін мынадай документтер керек: білімі туралы куәлігі, туған жылы туралы куәлігі не паспорт, мектептің мінзедмесі, тұрған жерінен анықтама, 3x4 см мөлшерінде 4 фотосуреті.

Училищенің адресі: Петропавл станциясы, № 2 теміржол училищесі.

Автомеханиктер, карбюратор жөндеушілер, автослесарьлар және көмекші жұмысшылар КЕРЕК. Жұмыс жөнінде Қызылту көшесі, 117-үй, автобазаның кадр бөліміне келіп жолығу керек.

Аға электромонтерлер, құюшылар, смена мастерлері, штамповщиктер, токарьлар КЕРЕК.

Жұмыс жөнінде Базар көшесі, 8-үй, кадр бөліміне келіп жолығуға болады.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«КЕТО және КОТЭ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЧУК және ГЕК»

Сеанстар сағат 12-2-4-те басталады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-89, корректорлар бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.